

«Бекітемін»

«Мектепке дейінгі балалық шақ»  
республикалық орталығының  
директоры

О. Кумисбекова

2019 ж.



**Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған  
«Мектепке дейінгі ұйымдардың ең үздік стратегиялық жоспары»  
республикалық сырттай байқауын өткізу туралы  
ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ережелер**

Осы Ереже меншік нысанына қарамастан барлық үлгідегі және түрдегі мектепке дейінгі ұйымдар арасында «Мектепке дейінгі ұйымдардың ең үздік стратегиялық жоспары» республикалық сырттай байқауын (бұдан әрі-Байқау) ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын айқындайды.

Байқау «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі) 2019 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

**Мақсаты:** мемлекеттік саясаттың басымдықтарын ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру сапасы мен басқару жүйесін жетілдіру.

**Міндеттер:**

- замануи білім беру технологияларын енгізу негізінде мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбие-білім беру процесінің сапасын арттыру;
- ұйымдастыру-әдістемелік, басқару, үйлестіру іс-шараларын зерделеу;
- мектепке дейінгі ұйым қызметінің перспективалық бағыттарын анықтау.

### **2. Байқаудың Ұйымдастыру Комитеті**

Байқаудың ұйымдастырушылары «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы, жергілікті атқарушы органдарының тиісті деңгейлері, облыстардың Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары болып табылады.

### **3. Өткізу тәртібі және байқау материалдарын ұсыну**

Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін барлық кезеңдерде қазылар алқасының құқықтары берілген байқау комиссиясы құрылады.

Байқау үш кезеңде өткізіледі:

- аудандық (қалалық);